

2009-2010 жылдардағы Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Бірлескен іс-әрекет жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттарды пайдалануына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі Жұмыс тобының қызметі туралы № 212 баспасөз-релизі

2010 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде 2009-2010 жылдардағы Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Бірлескен іс-әрекет жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттарды пайдалануына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі Жұмыс тобының кезекті (он сегізінші) мәжілісі өтті.

Жұмыс тобының мәжілісінде жұмыс тобының мүшелері, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Даму» АӨҚ АҚ, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ, екінші деңгейдегі банктердің өкілдері қатысты.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ дағдарысқа қарсы бағдарламасы аясында қаражаттарды игеру барысы туралы ақпарат тыңдалды.

Сондай-ақ шағын және орта бизнесті қолдауға бөлінген қаражаттардың 3 транш аясында жасалған кредиттік келісім шартты бұзғаны үшін екінші деңгейдегі банктерге қойылатын айыппұл санкцияларды қолдануға қатысты «Даму» АӨҚ АҚ ақпарат тыңдалды. «Даму» АӨҚ АҚ айтылған ақпараты бойынша екінші деңгейдегі банктер өкілдерінің түсініктемелері тыңдалды.

Одан басқа мәжілісте кезекті рет қайта берілген кредиттер бойынша ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру олардың мақсатты пайдалануына сәйкес келген жағдайды қоспағанда Ұлттық қорының қаражаттарынан келіп түсетін ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға тыйым салу, сондай-ақ Ұлттық қорының қаражаттары есебінен консалтингтік қызмет көрсетулерді төлеуге және оффшорлық аймақтарда тіркелген компаниялармен келісім-шарттарға төлеуге тыйым салу бойынша екінші деңгейдегі банктермен жасалған шарттарға енгізілген өзгерістерге қатысты Жұмыс тобының тапсырмасы орындалмағаны анықталды.

Қорытындысында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Даму» АӨҚ АҚ, екінші деңгейдегі банктерге 01.07.10 жылға дейін жоғарыда көрсетілген операциясына тыйым салу бойынша шартқа мынадай өзгерістер енгізу жөніндегі Жұмыс тобының тапсырмасын орындау тапсырылды. Аталған тапсырманы мерзімде орындамаған жағдайда, Жұмыс тобының мүшелері тарапынан банктерге қатысты тиісінше шаралар қолданылады.

Сонымен қатар, мәжілісте «Мемлсараптама» РМК қолданылатын бағалау жүйесіне қатысты «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ ақпараты тыңдалды. Сондай-ақ құрылысқа байланысты мәселелері бойынша қылмыстық істері бар құрылтайшыларына және басшыларына қатысты салушыларды тікелей қаржыландыруға байланысты мәселелері туралы ақпараты тыңдалды. Осы мәселесі бойынша «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Жұмыс тобының мүшелері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының хабарламасымен әрбір жеке оқиғасы бойынша құқық қорғау органдарына өтініш беруді ұсынды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның арнайы шоттарына аударылған Дағдарысқа қарсы жоспардың іс-шараларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде мынадай қаражаттарды:

- 1) банктерді капиталдандыруға – **332,1** млрд. теңге;
- 2) жылжымайтын мүлік нарығында проблемаларды шешуге – **360** млрд. теңге;
- 3) шағын және орта бизнесті қолдауға – **117** млрд. теңге банктерге, «Даму» АӨҚ АҚ **3** млрд. теңге бөлінді;
- 4) экономиканың нақты секторының жобаларын кредиттеуге – **144** млрд. теңге;
- 5) инновациялық, индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларына – **120** млрд. теңге;
- 6) агроөнеркәсіптік кешенің қолдауға – **120** млрд. теңге.

01.06.2010 жылғы жағдай бойынша алынған ақпаратқа сәйкес нақты игерілді:

1) қаржы секторын тұрақтандыру бойынша

212,1 млрд. теңге – Үкіметтің жай атаулы акцияларды «БТА Банк» АҚ 25 246 343 данада сатып алуы

27 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның «Қазақстанның халық банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 259 064 909 данада сатып алуы және

33 млрд. теңге – саны 196 232 499 данада артықшылықты акцияларын сатып алуы

36 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның «Казкоммерцбанк» АҚ-ның жай атаулы акцияларды 165 517 241 данада сатып алуы

24 млрд. теңге – қайта шығарылған жай акцияларды 4 000 000 данада сатып алу арқылы «Альянс Банк» АҚ қосымша капиталдандыру

2) жылжымайтын мүлік нарығында проблемаларды шешу бойынша

– **120** млрд. теңге мөлшерінде ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру толық көлемде жүзеге асырылды (**11** банктер қатысты)

– заемдарды өтеген кезде артылған қаражаттар есебінен ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру (ЕДБ деректері бойынша)

№ р.р.	ЕДБ атауы	Сома, млн. теңге	Заемшылар саны, адам
1.	«Альянс банк» АҚ	177,4	37
2.	«АТФ Банк» АҚ	211,5	41
3.	«БТА Банк» АҚ	151,8	30
4.	«Банк ЦентрКредит» АҚ	313,2	85
5.	«Еуразиялық банкі» АҚ	295,6	65
6.	«Қазақстан халық банкі» АҚ	9,2	2
	Жиынтығы	1 158,7	260

– Астана және Алматы қалаларында жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау (**360** млрд. теңгеден барлығы **240** млрд. теңге арналған)

№№	Кредитордың атауы	Жасалған шарттар сомасы, млн. теңге
1.	«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жарғы капиталының ақы төлеу	15 000,0
2.	Құрылыс объектілері жөніндегі пулды қалыптастыру бойынша «Цеснабанк» АҚ алдын ала/аванстық салым	156,5
3.	Құрылыс объектілері жөніндегі пулды қалыптастыру бойынша «Еуразиялық Банк» АҚ банктік салым	249,8
4.	Құрылыс объектілері жөніндегі пулды қалыптастыру бойынша Алматы қ. «Темірбанк» АҚ «БТА Банк» АҚ филиалына банктік салым	173,09
5.	Құрылыс объектілері жөніндегі пулды қалыптастыру бойынша «АТФ Банк» АҚ банктік салым	199,9
6.	Алматы қ. «Ахселькент» ТК құрылысын аяқтау	16 500,0 (оның ішінде 14 800,0 игерілген)
7.	Мемлекеттік комиссиясы бекіткен Тізбесіне сәйкес «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ арқылы құрылыс объектілерін қаржыландыру	42 881,9 (оның ішінде 38 126,9 игерілген)
	Құрылысты аяқтау бойынша жиынтығы	75 161,19
	Барлық бағдарлама бойынша жиынтығы	195 161,19

3) – шағын және орта бизнесті қолдау бойынша

– екінші деңгейдегі банктерге көрсетілген мақсаттарға бөлінген 117 млрд. теңгені игеру, толық көлемде жүзеге асырылған (12 банктер қатысқан)

– заемдарды өтеген кезде артылған қаражаттар есебінен ШОБ субъектілерін қаржыландыру (ЕДБ деректері бойынша)

№№	ЕДБ атауы	Жаңа жобаларды кредиттеу бойынша жасалған шарттардың сомасы, млн. теңге	Қайта қаржыландыру бойынша жасалған шарттардың сомасы, млн. теңге
1.	«Альянс Банк» АҚ	2 514,5	1 237,6
2.	«Ресей Сбербанкі» АҚ	1 046, 1	230,5
3.	«Цесна банк» АҚ	107,5	-

4.	«Нұрбанк» АҚ	665,2	-
5.	«Еуразиялық Банкі» АҚ	175,7	24,2
6.	«Банк Астана-Финанс» АҚ	879,0	-
7.	«АТФ Банк» АҚ	313,4	173,7
8.	«Банк ЦентрКредит» АҚ	453	50
9.	«Темірбанк» АҚ	257,4	27,3
	Жиынтығы	6 411,8	1 743,3

– «Даму» АӨҚ» АҚ арқылы «Даму-Қолдау» бағдарламасы шеңберінде 3 млрд. теңге игеру

№№	ЕДБ гарант атауы	«Даму» АӨҚ» АҚ ЕДБ кепілдігімен жасалған шарттарының сомасы, млн. теңге	Жобалардың жалпы сомасы, млн. теңге
1.	«Еуразиялық банкі» АҚ	364,5	737,02
2.	«БанкЦентрКредит» АҚ	776,7	1 739,4
3.	«Цесна банк» АҚ	500	750
4.	«Нұрбанк» АҚ	1 300	2 375,8
5.	«АТФ Банк» АҚ	97,8	97,8
	Жиынтығы	3 039,11	5 700,1

нақты 2,14 млрд. теңге берілді

4) экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша 144 млрд. теңге мөлшерінде толық көлемде жүзеге асырылды. 2 банк – «Казкоммерцбанк» АҚ (84 млрд. теңге) және «Қазақстанның халық банкі» АҚ (60 млрд. теңге) арқылы игерілді.

5) инновациялық, индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша

Осы дағдарысқа қарсы бағдарламасының жолдамасы бойынша іс-шаралар шеңберінде «Қазақстанның даму банкі» АҚ қосымша капиталдандыру 167 млрд. теңге мөлшерде қосымша капиталдандырылды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаттары 115 млрд.теңге болды. Банк капиталдандыру нәтижесінде алған қаражаттар инновациялық, индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жіберіледі:

№№	Заемшының/объектінің атауы	Сома, млн. теңге
1.	«Қазақстан Даму банкі» АҚ арқылы «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты	5 198,3
2.	Тараз қ. ферроқорытпалар зауыты	2 550,2
	Жиынтығы	7 748,5

«ҚазАгро» ҰХ» ақпаратына сәйкес 01.06.2010ж. жағдай бойынша агроөнеркәсіптік секторын қолдауға бөлінген 120 млрд. теңге шеңберінде айналым-сальдо жиынтығы 147 422,9 млн.теңге құрады. Атап айтқанда ауылшаруашылық – тауар өндірушілердің айналым капиталын толтыруға 68 777,2 млн. теңге бөлінген, инвестициялық жобаларды іске асыруға 21 188,7 млн. теңге бөлінген, АПК¹ субъектілерінен астықты сатып алуға 57 457 млн. теңге бөлінген – (астықты сатып алуға және инвестициялық жобаларды іске асыруға айналым қаражаттарды кейінен бөлуді ескере отырып бөлінген соманың игеру жиынтығы 100% болады).

01.06.10 жылғы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның арнайы шоттарында (Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаттары есебінен дағдарысқа қарсы бағдарламасының мақсаты үшін ашылған) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде тиісінше **191,9** және **41,9** млрд. теңге қалады.

Сонымен, 01.06.10жылғы 6 бағыты бойынша экономиканың және қаржы жүйесін тұрақтандыруға бөлінген ақшаларды игеру пайызы:

1. қаржы секторын тұрақтандыру бойынша – 100%;
2. жылжымайтын мүлік нарығында проблемаларды шешу, оның ішінде:
 - ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бойынша – 100%;
 - жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау бойынша – 31,3%;
3. шағын және орта бизнесті қолдау бойынша, оның ішінде:
 - ЕДБ арқылы кредиттеу бойынша (117 млрд. теңге) – 100%;
 - «Даму-Қолдау» бағдарламасы бойынша (3 млрд. теңге) – 100%;
4. экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша – 100%;
5. агроөнеркәсіп кешенін қолдау бойынша – 100%;
6. инновациялық, индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру бойынша– 6,46%.

¹ Қазақстан Республикасының экономиканы жетілдіру мәселері бойынша Мемлекеттік комиссиясы мәжілісінің 06.05.09жылғы № 17-5/І-333 хаттамасына сәйкес – бір тоннасы 24 640 теңге бағасымен 1 млн. тоннаға дейін Қазақстан Республикасының экономиканы жетілдіру мәселері бойынша Мемлекеттік комиссиясы мәжілісінің 20.08.09жылғы № 17-5/І-526 хаттамасына сәйкес – бір тоннасы 18 500 теңге бағасымен 3 млн. тоннаға дейін